


«Балапан» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ны

Бекітемін:
«Балапан» бөбекжай-
бақшасының директоры:
 М.Ж.Биксариева
«31» тамыз 2023 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына іске асыруда өтпелі тақырыптар «Ересек» тобының 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Даулетова Ф.Ш

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Ересек топ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|----------|---------------------------|--|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау.Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.</p> |

| | | |
|--|-----------------------|---|
| | | <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Келесі дағдыларды жетілдіру: 1) байланыстырып сөйлеу; 2) жануарларжәнеолардыңтөлдерінінатауларынбілдіретінсөздерді, сөздердінтүрлітәсілдерменжасалуын, затесімдердіжекешежәнекөпшетүрдеқолдану;</p> |
| | <p>Көркем әдебиет</p> | <p>Оқу, әңгімелеу. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>2) театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту: - түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыстығын салу;</p> <p>3) адамгершілік нормалары туралы түсінік Келесі дағдыларды қалыптастыру: - ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас;</p> |
| | <p>Қазақ тілі</p> | <p>Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша,</p> |

| | | |
|--|-----------------------------------|--|
| | | <p>үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз) Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «І», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді) Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз) Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді)</p> |
| | <p>Математика негіздері</p> | <p>Жиын Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> |
| | <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы</p> |

| | | |
|--|-------------------|---|
| | | <p>білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> |
| | <p>Құрастыру</p> | <p>Құрылыс материалдарынан құрастыру</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> |
| | <p>Сурет салу</p> | <p>Заттық сурет салу.</p> <p>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.</p> <p>Келесі біліктерді қалыптастыру:</p> <p>әртүрлібағыттағытурасызықтарменолардыңқиылысуынжүргізебілудіүйрету.</p> <p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>қоршағанортаныңәсемдігіне, өнертуындыларына, тұрмыстықзаттарға,</p> |

| | | |
|--|-----------------|---|
| | | <p>қазақжәнебасқахалықтардыңойыншықтарынаэмоционалды-эстетикалықталғамдағдыларынқалыптастыру.</p> <p>Сәндік сурет салу. Келесі дағдыларды қалыптастыру: қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту</p> |
| | <p>Мүсіндеу</p> | <p>Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p> |
| | <p>Жапсыру</p> | <p>Заттық жапсыру: 1) қайшыныдұрысұстаужәнепайдаланабілудіқалыптастыру. Түзусызықпеналдыменқысқасодансоңұзынжолақтардықиюдыүйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: 1) барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.</p> <p>Сәндік жапсыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы</p> |

| | | |
|--|--------|-------------------------------------|
| | | өнерімен таныстыру. |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Ересек топ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі:қазан 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-------|---------------------------|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. |

| | | |
|--|----------------------|---|
| | | Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес такпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | Қазақ тілі | «Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету; Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Күз айлары, қыркүйек, қазан, қараша, қолшатыр, күн, түн, жаңбырлы, бұлтты, сарғаяды) «Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Ә», «Ө», «І», «Ү», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Алхоры, шабдалы, апельсин, банан, қауын, қарбыз, дәруменді) Көкөністердің атауларын бекіту, «Қайда?», «Не істейді?» сұрақтарына жауап беруді үйрету. «І», «Қ», «Ұ», «Ө» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (бұрыш, шалқан, қырыққабат, асқабақ, сарымсақ, бақшада, өседі, жинайды) Апта күндерімен танысу. Балаларды жатқа айтуға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. (Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) |
| | Математика негіздері | Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге |

| | | |
|--|-----------------------------------|--|
| | | <p>үйрету.</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> |
| | <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Заттық әлем</p> <p>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.</p> <p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> |
| | <p>Құрастыру</p> | <p>Құрылыс материалдарынан құрастыру</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі</p> |

| | | |
|--|-------------------|--|
| | | <p>ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> |
| | <p>Сурет салу</p> | <p>Заттық сурет салу.</p> <p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p> <p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Сәндік сурет салу.</p> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> |
| | <p>Мүсіндеу</p> | <p>Заттық мүсіндеу</p> <p>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:</p> <p>2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін;</p> |

| | | |
|--|---------|---|
| | | <p>Сюжеттік мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету;</p> |
| | Жапсыру | <p>Заттық жапсыру: 2) текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: 2) дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.</p> <p>Сәндік жапсыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспары бойынша |